

Су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 178 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 тамызда № 21055 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 128-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 10.06.2025 № 128-НҚ (10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті (бұдан әрі - Комитет) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи ресурстар министрі

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Су объектілерін конкурстық негізде оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Су объектілерін конкурстық негізде оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 37-бабы 1-тармағының 7-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және су объектілерін конкурстық негізде оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру тәртібін айқындайды.

2. Оқшау немесе бірлесіп пайдалануға су объектілері немесе олардың бір бөлігі (бұдан әрі - су объектілері) беріледі.

3. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру үшін су объектісін пайдалануға мүдделі жеке және заңды тұлғалар аумағында су объектісі орналасқан ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тиісті жергілікті атқарушы органына су пайдаланудың мақсаттары мен мерзімдері қысқаша баяндала отырып, тиісті негіздемемен, су объектісінің орналасқан жерін көрсете отырып, өтініш жолдайды.

Су объектісі 2 және одан да көп аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумағында орналасқан жағдайда су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру үшін су объектісін пайдалануға мүдделі жеке және заңды тұлғалар ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тиісті жергілікті атқарушы органына өтініш жолдайды.

5. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы өтініш түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде су объектінің аумақтық қатыстылығы бойынша Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияға (бұдан әрі - Инспекция) сұрау салады.

6. Инспекция 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдарды қарастырады және ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарына су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы ұсынысты келіседі, оны пайдаланудың баламалы нұсқалары туралы келісуді жібереді.

7. Конкурсқа Инспекция қорытындысы бойынша оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру орынды деп танылған су объектілері ұсынылады.

2-бөлім. Су объектілерін конкурстық негізде оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру тәртібі

8. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары береді. Конкурсты ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - конкурс ұйымдастырушы) ұйымдастырады және өткізеді.

9. Конкурс ұйымдастырушы:

құрамына мүдделі мемлекеттік және жергілікті өкілеттік органдардың, бассейндік инспекциялардың өкілдерін, сондай-ақ келісім бойынша үкіметтік емес ұйымдардың және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғамдастықтарының (одақтарының) өкілдерін, сондай-ақ аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы өңірлік кәсіпкерлер палатасы филиалының өкілдерін енгізе отырып, конкурстық комиссия құрады.

Аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалы болмаған жағдайда, комиссия құрамына облыстың өңірлік кәсіпкерлер палатасы филиалының өкілі енгізіледі;

конкурс өткізілгенге дейін бір ай бұрын республикалық немесе облыстық маңызы бар мерзімді баспа басылымына және өзінің интернет-ресурсында алда болатын конкурс туралы хабарлама орналастырады.

10. Комиссия төрағасы болып конкурс ұйымдастырушы басшысы орынбасарларының бірі тағайындалады. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, бірақ бес адамнан кем емес болуы тиіс. Конкурс ұйымдастырушының дауыс беру құқығы жоқ өкілі конкурстық комиссияның хатшысы болып табылады.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі барлық құжаттаманы жүргізеді.

11. Су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру жөнінде конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) конкурс ұйымдастырушының атауын және орналасқан жерін;

2) осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына өзінің сәйкес келетінін растау үшін конкурсқа қатысушы ұсынатын құжаттардың тізбесі;

3) конкурстық құжаттаманы алу орнын, мерзімін және тәсілдерін;

4) конкурстық өтінімдерімен конверттерді ашу орнын және уақытын;

5) су объектісі орналасқан жердің карта-схемасын, алаңын, жалпы жай-күйін қамтыған, конкурсқа қойылатын су объектісі туралы ақпарат;

6) белгіленген су сервитуттары туралы ақпаратты.

Егер су сервитуттары белгіленбеген жағдайда, мүдделі жеке немесе заңды тұлғалармен олардың шекарасын анықтау қажеттілігі туралы талап:

1) құрылыстарды, техникалық құралдар мен құрылғыларды қолданбай су алу;

2) малды суару және айдау;

3) балық шаруашылығын жүргізу;

4) су объектілерін паром, қайық және басқа да шағын көлемді кемелерге арналған су жолдары ретінде пайдалану мақсатында көрсетіледі.

12. Конкурс ұйымдастырушыға конкурсқа қатысуға ниет білдірген жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - конкурсқа қатысушы) конкурсқа қатысу үшін өтінім жолдайды.

13. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдауды комиссия хатшысы өтінімдерді тіркеу журналына енгізу арқылы жүргізеді (тігілген, нөмірленген, комиссия хатшысы соңғы бетін қолдарымен және мөрмен бекітіледі) және конкурстық өтінімді ашу уақытына дейін бір күнтізбелік күн қалғанда аяқталады.

14. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде өз бастамасы бойынша хаттаманы ресімдеу жолымен конкурс хабарландыруында көрсетілген мәліметтерге өзгерістер енгізеді.

Енгізілген өзгерістер конкурстық құжаттама алған конкурсқа қатысушыларға 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарланады, бұл ретте конкурстық өтінімдер беру мерзімі 7 (жеті) жұмыс күніне ұзартылады.

15. Конкурсқа қатысушылар конкурс туралы хабарландыру шыққан кейін конкурс ұйымдастырушыға осы Қағидалардың 16-тармағының талаптарына сәйкес, бір данада конкурстық өтінімді бір данада ұсынады.

16. Конкурсқа қатысушылар конкурстық өтінімді тігілген түрде, беттерін нөмірлеп, соңғы бетін қолдарымен және мөрмен (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғалардан басқа) растап ұсынады және:

1) конкурсқа қатысуға еркін нысандағы өтінішті;

2) осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;

3) заңды тұлғалар үшін - жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесін;

4) жеке тұлғалар үшін - жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмелерін;

5) мыналар:

Кодекстің 38-бабының 1) тармақшасына сәйкес тиісті облыстың жергілікті өкілді органдары белгілеген шарттарда ортақ су пайдалану қағидаларын сақтау туралы;

су қорғаудың іс-шараларын жүзеге асыру;

оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілетін су объектілерінде жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су объектілерінің су қорғау аймақтарының аумақтарында шаруашылық және өзге де қызметтің белгіленген режимін сақтау;

су сервитутын белгілеу жөніндегі міндеттемелерді қамтиды.

б) желімделген конвертте жоспарланған инвестицияның қысқаша негіздемесімен су объектіні пайдалануға қатысты конкурсқа қатысушының ниеті білдіріледі.

17. Конкурсқа қатысуға белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін берілген конкурстық өтінім салынған конверттер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және қалған конкурстық өтінімдермен бірге сақталады, өтініш жасалған жағдайда, осындай конкурстық өтінімді берген конкурсқа қатысушыға қайтарылады.

18. Конкурсқа қатысушы конкурсты өткізу басталғанға дейін су объектісі туралы материалдармен таныса алады.

19. Конкурстық комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушылардың ұсынған құжаттарын қарап біліктілік талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдер бойынша ескертпелерді жазып алдын ала конкурсқа жіберу хаттамасын рәсімдейді.

Конкурстық өтінімдерді қарау барысында конкурстық комиссия қажет болған жағдайда ұсынылған құжаттардың дұрыстығын растау үшін тиісті мемлекеттік органдарға жазбаша сұрау жібереді.

20. Алдын ала жіберу хаттамасының көшірмесін 2 (екі) жұмыс күні ішінде конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында орналастырады және конкурсқа қатысушыларға жолдайды.

21. Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында хаттама көшірмесін жариялаған уақыттан бастап конкурсқа қатысушыларға кемшіліктерді жою үшін 3 (үш) жұмыс күні беріледі. Кемшіліктерді жоймаған жағдайда қатысушы конкурстан шығарылады.

22. Конкурстық комиссия конкурстық ұйымдастырушы белгілеген жерде және уақытта жоспарланған инвестицияның қысқаша негіздемесімен, су объектісін пайдалануға қатысты конкурсқа қатысушылардың өтініштерімен конверттер ашылады. Конверттерді ашу процедуралары жазбаны тоқтатпай бейне фиксациямен жүзеге асырылады. Конкурсқа қатысушы конверттерді ашу кезінде қатысады.

23. Конверттерді ашу нәтижелері отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері мен хатшысы қол қойған конверттерді ашу хаттамасында көрсетіледі. Ашу хаттамасын конкурстық комиссияның хатшысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсына орналастырады.

Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді қарастыру барысында конкурсқа қатысушылардан олардың конкурстық ұсыныстары бойынша түсініктеме сұратуы мүмкін.

24. Конкурс жеңімпазын конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру қорытындыларының және су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануды жүргізудің ең үздік шарттарын ұсыну негізінде айқындайды.

Комиссияның шешімі конкурстық комиссияның отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан кезде ашық дауыс беру арқылы конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Конкурстық комиссия мүшелерінің болмауына растаушы құжат болған кезде дәлелді себептер бойынша ғана жол беріледі.

25. Конкурстық орта болмаған жағдайда (бір үміткердің болуы), конкурстың жалғыз қатысушысы егер ол конкурсқа қатысушыларға қойылатын барлық талапты сақтаса, конкурс жеңімпазы болып танылады.

26. Өткізілген конкурс қорытындылары конкурстық өтінім салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күнтізбелік күн ішінде отырысқа қатысушы конкурс комиссиясының мүшелері қол қоятын конкурстық комиссияның хаттамасы түрінде шығарылады, оның көшірмесі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей конкурсқа қатысушыларға жіберіледі.

Өткізілген конкурстың қорытындылары конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында жарияланады.

27. Конкурстық комиссияның хаттамасы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органның шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары су

объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды

28. Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шешімнің негізінде 10 (он) жұмыс күні ішінде ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы мен осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарттың үлгі нысаны негізінде конкурс жеңімпазы арасында су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалады.

Егер конкурс жеңімпазы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шешімі қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шартқа қол қоймаса, онда ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурс жеңімпазынан кейін конкурстық өтінімі басымдау деп танылған конкурсқа қатысушыға су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды.

29. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары:

1) су объектісін пайдаланудың мәлімделген мақсаттарына сәйкес материалдық-техникалық базаның болуы;

2) қаржыландыру көздері мен көлемдерін көрсетіп, үш және одан көп жылдар бойынша даму жоспары (су қорғау іс-шараларын жүргізуді, су объектісін ұтымды пайдалану, су ресурстарын қорғау, су объектілерін көріктендіру жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда);

3) төлем қабілетін растайтын құжаттар:

конкурсқа қатысушыға қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелердің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы қол қойылған және мөр басылған банктің немесе банк филиалының анықтамасының түпнұсқасы (егер конкурсқа қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, бұл анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан ерте беріледі;

соңғы қаржы жылындағы бухгалтерлік теңгерімнің бірінші басшы немесе оны алмастыратын адам қол қойған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде жүргізілсе, онда соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылуы мүмкін;

конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күнінен бір ай бұрын берілген үш айдан астам (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені, не салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің бар екені туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамасы.

30. Конкурсқа қатысушы су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға алғаннан кейін бассейндік инспекциялармен келісім бойынша Кодекстің 38-бабының 1) тармақшасына сәйкес тиісті облыстың жергілікті өкілді органдары белгілеген ортақ су пайдалану ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

31. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша оқшау немесе бірлесіп пайдалануға ұсынылған су объектілерінің тізбесін жасау арқылы есеп жүргізеді және жыл сайын, есептік жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей Инспекцияға аталған деректерді ұсынады (оқшау немесе бірлесіп пайдалануға су объектісін беру туралы шарттың көшірмесі).

Су объектілерін оқшау немесе
бірлесіп пайдалануға
конкурстық негізде беру
қағидаларына
1-қосымша

Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарттың үлгілік нысаны

_____ " ____ " _____ ЖЫЛ
(орналасқан жері)

_____ негізінде әрекет ететін

Әрі қарай Жергілікті атқарушы орган деп аталатын _____

_____ (конкурс ұйымдастырушының толық атауы)
атынан _____

_____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))
бір тараптан және _____

_____ негізінде әрекет ететін

(Жарғы, Ереже және басқалары)

бұдан әрі Су пайдаланушы деп аталатын _____

(су пайдаланушының - конкурс жеңімпазының толық атауы)
атынан _____

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))
екінші тараптан, _____

(су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалану құқығын беру туралы
шешімнің нөмірі мен күні)
негізінде су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалану туралы осы шартты (бұдан әрі - шарт)
жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1. Жергілікті атқарушы орган ұсынады, ал Су пайдаланушы қолдануға қабылдайды

(су объектісінің немесе оның бөлігінің атауы)

(су объектісін немесе оның бөлігін мәлімдеген конкурстық өтінімге сәйкес пайдалану мақсаты)

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Белгіленген су сервитуттары болмаған жағдайда шартта Су пайдаланушыға мынадай талаптар белгіленеді:

1) су сервитуттарының шекараларын:

құрылыстарды, техникалық құралдар мен құрырғыларды қолданбай су алу;

суат және малды айдау;

балық шаруашылығын жүргізу;

су объектілерін сал, қайық пен басқа да шағын көлемді кемелер үшін су жолдары ретінде пайдалану үшін анықтау бойынша;

2) осы жұмысты орындау және олардың нәтижелерін Атқарушы органға беру мерзімі туралы.

3. Суды пайдаланушы конкурстық құжаттамада мәлімдеген іс-шараларды іске асыру жоспары шартқа қосымшада көрсетіледі. Жоспарда іс-шараларды іске асыру мерзімдері мен оны аяқтау нысанын көрсету тиіс.

4. Суды пайдаланушы:

1) мыналарға:

Қазақстан Республикасының су заңнамасында көзделген шарттар мен талаптарды сақтай отырып, су объектілерін берілген мақсаттарында пайдалануға;

өз қалауы бойынша өзіне тиесілі су объектілерін пайдалану құқығын жүзеге асыруға, бұл ретте басқа тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылуына, су объектісіне және қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермей;

су шаруашылығы қызметін жүзеге асыру үшін су объектілерінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;

берілетін судың сапасы мен мөлшерін тексеруге;

су пайдалануға өз құқықтарын қорғауға;

белгіленген су беру лимиті мен режиміне сәйкес құқықтардың, соның ішінде су алу құқықтарының бұзылуынан келтірілген зиянды өтетуге үшін;

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы заң актілерінде көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2) мыналарға:

су ресурстарын ұтымды пайдалануға, судың ысырабын қысқартуға шаралар қабылдауға;

су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына ұқыпты қарауға, оларға зиян келтірілуіне жол бермеуге;

белгіленген су пайдалану лимиттерін, рұқсат етілген көлемдері мен режимдерін сақтауға;

басқа су пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге;

судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстары мен техникалық құрылғыларды ақаусыз күйінде ұстауға, олардың пайдаланылу сапасын жақсартуға, су ресурстарын пайдалануды есепке алуға, су шаруашылығы құрылыстарының су тарту, су жіберу мен сарқынды және коллекторлық суларды ағызу құрылыстарын өлшеу құралдарымен және су өлшеу аспаптарымен жабдықтауға;

су қорғау іс-шараларын жүзеге асыруға;

арнайы су пайдалануға рұқсатта белгіленген су пайдалану шарттарын, сондай-ақ бақылаушы органдардың нұсқамаларын белгіленген мерзімде толық көлемінде орындауға;

белгіленген нормативтерден асатын зиянды заттардың ағызылуына жол бермеуге;

жер үсті және жер асты суларынан су жинау алаңының ластануына жол бермеу;

су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға;

су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

барлық авариялық жағдайлар мен су пайдаланудың технологиялық режимінің бұзылуы туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне және ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарына дереу хабарлауға, сондай-ақ су объектілеріне зиян келтірілуін болғызбау жөнінде шаралар қолдануға;

су пайдаланғаны үшін төлемдердің уақтылы төленуін жүзеге асыруға міндетті.

5. Су пайдаланушы осы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толығымен де, бір бөлігін де біреуге бермейді.

6. Жергілікті атқарушы орган:

1) Суды пайдаланушыға су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шешімнің куәландырылған көшірмесін береді;

2) осы шарттың талаптарын орындауға бақылауды жүзеге асырады.

3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

7. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.

8. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде су пайдаланушы жергілікті атқарушы органға мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер жергілікті атқарушы органнан өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Су пайдаланушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады.

9. Еңсерілмес күш мән-жайлары тоқтағаннан кейін тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды дереу қайта бастайды.

4. Қорытынды ереже

10. Осы шартқа екі жақ тараптар қол қойған күннен бастап ол күшіне енеді және 20__ жылғы " " дейін қолданыста болады.

11. Осы шарт мынадай:

1) Суды пайдаланушының қызметі тоқтатылған;

2) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы заңнама талаптарының жүйелі түрде бұзылған;

3) мемлекеттің қауіпсіздігін және қорғанысын, халықтың денсаулығын сақтауды, қоршаған ортаны, тарихи-мәдени мұраны, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ су тапшылығы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде су пайдалану құқығы шектелген жағдайларда бұзылуы мүмкін.

12. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша жасалса және қол қоюға уәкілетті тараптардың өкілдері қол қойса және мөрмен бекітілсе (заңды тұлғалар үшін) ғана күші бар деп есептеледі.

13. Жергілікті атқарушы орган және Су пайдаланушы шарт бойынша араларында туындаған немесе олармен байланысты барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процессінде шешу үшін барлық күштерін салуға тиіс.

14. Осы шарттан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге тиіс.

15. Осы шарт бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілінде екі данада жасалды.

5. Тараптардың деректемелері

"Жергілікті атқарушы орган"	"Су пайдаланушы"
(атауы)	(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы)
(почта, телеграф мекенжайы)	(жеке немесе заңды тұлғаның мекенжайы)
(банктік деректемелер, жеке сәйкестендіру коды, Банктің толық атауы, Банктің немесе оның филиалдарының мекенжайы)	(жеке тұлғалар үшін жеке сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелер, жеке сәйкестендіру коды, банктің толық атауы, банктің немесе оның филиалдарының мекенжайы)
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))	(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))
(қолы, мөрі)	(қолы, мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын тұлғалардан басқа))

Су объектілерін оқшау немесе
бірлесіп пайдалануға
конкурстық негізде беру
қағидаларына
2-қосымша

Оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерінің тізбесі

№	Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалану құқығы берілген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы	Су объектісінің атауы	Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалану мақсаты	Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалану құқығын беру туралы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шешімінің нөмірі және күні	Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарттың нөмірі және қолдану мерзімі
1	2	3	4	5	6